

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2001 жылғы 29 қаңтар N 543

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызметті регламенттеу мақсатында қаулы етемін:

1 . < * >

Ескерту: 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509 Жарлығымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы" 2000 жылғы 23 тамыздағы N 402 Жарлығына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "Қордың шотында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "Қор қаражатының" деген сөздер "Қордың" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне Қорды қалыптастыру және пайдалану жөніндегі жылдық есепті табыс етеді."

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

2001 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану үшін қажетті " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " және "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын Қазақстан Республикасы Парламентінің қ а р а у ы н а е н г і з с і н ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509 Жарлығымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2001 жылғы 29 қаңтардағы

№ 543 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын
қалыптастыру және пайдалану ережесі <*>**

Ескерту: Ереже алынып тасталды - ҚР Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).